**"Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам істері министрінің 2017 жылғы 4 қазандағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 01-01/95 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 17917 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2019 жылғы 22 шілдедегі № 239 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 22.07.2019 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам істері министрінің 2017 жылғы 4 қазандағы № 137 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15936 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 3 қарашада жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің Әкімшілік департаменті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жолдауды;

4) осы бұйрық ресми жариялғаннан кейін Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің жауапты хатшысы М.А. Әзілхановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Қоғамдық даму министрі* *Д. Кәлетаев*

Қазақстан Республикасының
Қоғамдық даму министрінің
2018 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 01-01/95 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Дін істері және азаматтық
қоғам министрінің
2017 жылғы 4 қазандағы
№ 137 бұйрығымен
бекітілген

## Ашық деректердің интернет-порталында орналыстырылған ашық деректер тізбесі

| Р/с № | Ашық деректер жинағының атауы | Жаңарту кезеңі | Ұсыну мерзімі | Дереккөз (ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы немесе мемлекеттік органдардың API жүйесі арқылы) | Жауапты құрылымдық бөлімше |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Ведомстволық бағынысты ұйымдардың тізбесі | Қажеттілігіне қарай | бір жылдың ішінде | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Персоналды басқару қызметі Азаматтық қоғам істері комитеті Қоғамдық келісім комитеті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2. | Министрліктің құрылымы | Қажеттілігіне қарай | бір жылдың ішінде | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Персоналды басқару қызметі |
| 3. | Тіркелген діни бірлестіктердің, олардың филиалдарының тізбесі | Тоқсан сайын | есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 5 күніне дейін | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Қоғамдық келісім комитеті |
| 4. | Рухани (діни) білім беру ұйымдарының тізбесі | Тоқсан сайын | есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 5 күніне дейін | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Қоғамдық келісім комитеті |
| 5. | Жастар ұйымдарының тізбесі | Жыл сайын | 25 ақпан | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Жастар және отбасы істері комитеті |
| 6. | Үкіметтік емес ұйымдар туралы жалпы ақпарат | Тоқсан сайын және қажеттілігіне қарай | есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 5 күніне дейін | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Азаматтық қоғам істері комитеті |
| 7. | Қоғамдық кеңестің құрамы | Тоқсан сайын және қажеттілігіне қарай | есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 5 күніне дейін | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Талдау және стратегиялық жоспарлау департаменті |
| 8. | Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша статистикалық деректер | Тоқсан сайын және қажеттілігіне қарай | есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 5 күніне дейін | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Әкімшілік департаменті |
| 9. | ҚР ҚДМ басшыларының азаматтарды қабылдау кестесі | Тоқсан сайын және қажеттілігіне қарай | есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 5 күніне дейін | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Әкімшілік департаменті |
| 10. | ҚР ҚДМ мемлекеттік қызметтерінің тізбесі | Жыл сайын | 25 ақпан | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Қоғамдық келісім комитеті |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 11. | Халықтың өзекті мәселелерін талқылау мәселесі бойынша орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті мемлекеттік органдар басшыларының азаматтық сектор өкілдерімен тұрақты кездесулерінің кестесі | Жартыжылдықта 1 рет | 25 қаңтар, 25 шілде | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Азаматтық қоғам істері комитеті |
| 12. | Тіркелген діни бірлестіктердің, олардың филиалдарының саны | Тоқсан сайын | есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 5 күніне дейін | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Қоғамдық келісім комитеті |
| 13. | Миссионерлер саны | Тоқсан сайын | есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 5 күніне дейін | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Қоғамдық келісім комитеті |
| 14. | Еліміздегі діни жағдай туралы ақпарат | Тоқсан сайын | есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 5 күніне дейін | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Қоғамдық келісім комитеті |
| 15. | Дінтану сараптамасының оң қорытындысын алған құрылтай, сондай-ақ діни мазмұндағы басқа да құжаттардың, рухани (діни) білім беру бағдарламаларының, діни мазмұндағы ақпараттық материалдардың және діни мақсаттағы заттардың тізімі | Тоқсан сайын | есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 5 күніне дейін | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Қоғамдық келісім комитеті |
| 16. | Қазақстан Республикасы аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің тізбесі | Тоқсан сайын | есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 5 күніне дейін | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Қоғамдық келісім комитеті |
| 17. | Мемлекеттік жастар саясаты саласындағы жастар ұйымдарымен өзара іс-қимылды және ынтымастықты жүзеге асыру бойынша іс-шаралар | Тоқсан сайын | есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 5 күніне дейін | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Жастар және отбасы істері комитеті |
| | Ішкі саясаттың тұрақтылығын нығайтуға бағытталған халықаралық, | Жыл сайын | 25 ақпан | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 18. | республикалық және өзгеде іс-шаралардың, акциялар мен байқаулардың тізбесі | | | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Азаматтық қоғам істері комитеті |
| 19. | Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына өзінің қызметі туралы мәліметтерін ұсынған үкіметтік емес ұйымдардың тізбесі | Жыл сайын | 1 маусым | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Азаматтық қоғам істері комитеті |
| 20. | Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру мониторингі жөніндегі ақпарат | Жыл сайын | 25 ақпан | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Азаматтық қоғам істері комитеті |
| 21. | Үкіметтік емес ұйымдардың гранттық қаржыландыру жоспары | Жыл сайын | 25 қаңтар | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Азаматтық қоғам істері комитеті |
| 22. | Үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйлықақы лауреаттарының тізімі | Жыл сайын | 20 желтоқсан | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Азаматтық қоғам істері комитеті |
| 23. | ҚР ҚДМ бос лауазымдар туралы мәліметтер | Қажеттілігіне қарай | бір жылдың ішінде | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Персоналды басқару қызметі |
| 24. | ҚР ҚДМ қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер тізімі | Келіп түсуіне қарай | бір жылдың ішінде | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Заң департаменті |
| 25. | Ғибадат үйлерінің (ғимараттарының) саны | Тоқсан сайын | есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 5 күніне дейін | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Қоғамдық келісім комитеті |
| 26. | Қазақстан Республикасындағы этномәдени бірлестіктердің тізімі | Тоқсан сайын | есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 5 күніне дейін | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Қоғамдық келісім комитеті |
| 27. | Шетелдердегі қазақ ұлттық-мәдени орталықтардың тізбесі | Тоқсан сайын | есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 5 күніне дейін | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Қоғамдық келісім комитеті |
| 28. | "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығы лауреаттарының тізімі | Жыл сайын | 20 желтоқсан | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Жастар және отбасы істері комитеті |
| 29. | Отбасы саясаты саласындағы қызметті жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдардың тізбесі | Қажеттілігіне қарай | бір жылдың ішінде | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Жастар және отбасы істері комитеті |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 30. | Республикалық және өңірлік маңызы бар "Рухани жаңғыру" жобалық кеңселерінің тізімі | Қажеттілігіне қарай | б і р жылдың ішінде | ашық деректер интернет-порталы АЖО арқылы | Қоғамдық жаңғырту департаменті |

Ескертпе: аббревиатурлардың толық жазылуы:

АЖО –Автоматтандырылған жұмыс орны;

API – Application Programming Interface;

ҚР ҚДМ – Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК